



Жолдыбай ауылы, Мектеп көшесі 13
Тел:/факс 8 (71632)51-5-23
e-mail: Zholdybai_mektep@mail.kz
Индекс: 021229

БҰЙРЫҚ

04.09.2025 жыл

Жолдыбай ауылы

№50

село Жолдыбай, ул. Мектеп 13
Тел:/факс 8 (71632)51-5-23
e-mail: Zholdybai_mektep@mail.kz
Индекс: 021229

ПРИКАЗ

04.09.2025 год

село Жолдыбай

Мектепте оқушылардың
тамақтануын ұйымдастыру
туралы

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданының білім бөлімі» ММ 2025 жылғы 04 қыркүйектегі №312 бұйрығы негізінде және 2025-2026 оқу жылының басталуына байланысты балаларды оқуға толық қамту үшін қажетті жағдайларды жасау және мектептегі оқу үдерісіне қолдау көрсету мақсатында бұйырамын:

1. Мектепте барлық санитарлық нормаларды сақтау арқылы ыстық тамақтану ұйымдастырылсын.
2. Ыстық тамақтандыруды 100 пайыз көрсеткішпен ұйымдастырылсын.
3. Ақмола облыстық мәслихаты сессиясының 2023 жылғы 11 сәуірдегі №8С-2-2 шешімін орындау мақсатында, 1-ші сыныптан 4-ші сыныпқа дейінгі оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
4. Жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларының тамақтануы жалпы білім қорының есебінен қаржыландырылсын, басқа балалардың тамақтануы үшін ата-аналар мен демеушілердің көмегімен ұйымдастырылсын.
5. Оқушылардың тамақтануының есебін жүргізетін және өз уақытында аудандық білім бөліміне тамақтану туралы есепті ұсынатын тұлға болып мектептің қоғамдық инспекторы Д.Т.Ахметова тағайындалсын.
6. Оқушыларды тегін тамақтанумен қамту туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес, құжаттарды тапсыру үрдісін ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
7. Мектептің медицина қызметкері:
 - ұтымды тамақтану қағидаттарын енгізуді және сақтауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін;
 - бракераж комиссиясының жұмысына қатыссын;
 - №16 Санитарлық қағидалардың талаптарына сәйкес, күн сайын бракераж журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалауды жүргізсін;
 - жауапты тұлға ерекше диеталық қажеттіліктері бар оқушылардың/тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыруға және диеталық тамақтануды

қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асыруды қалыптастырсын және берсін;
-оқушылар арасында аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру жөнінде оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер ұйымдастыру және түсіндіру іс-шараларын жүргізе отырып, оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау шеңберінде санитарлық қағидалар талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін;

-перспективалы ас мәзіріне өзгерістер енгізген және тамақ өнімдерін ауыстырған жағдайда дайын тағамдардың шығыуын, отырғызу нормаларын, тамақтану рационының химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығын бақыласын;
- ас блогы персоналының денсаулық жағдайына апта сайын ішінара бақылауды жүзеге асырсын.

8. Мектептің медицина қызметкерлері тамақтану мәселелері бойынша кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтуге міндетті.

9. Бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д. Шамигановаға жүктелсін.

10. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



А.Бекишов